

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 қаңтардағы № 82 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 278 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 мамырдағы № 489 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.05.2013 № 489 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери-техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 қаңтардағы № 82 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 3, 42-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери-техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялау ережесінде:

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

«8-1. Қоршаған ортаны қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік және өртке қарсы қауіпсіздік органдарының қорытындыларын алу үшін лицензиар лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға өтініш берушінің құжаттарын тіркеген күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің мемлекеттік тіркелу орны бойынша қоршаған ортаны қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік және өртке қарсы қауіпсіздік органдарына өтініш берушінің қоршаған ортаны қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік және өртке қарсы қауіпсіздік саласындағы қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды ұсыну туралы с ұ р а у ы н ж і б е р е д і .

Қоршаған ортаны қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік және өртке қарсы қауіпсіздік органдары лицензиардың сұрауының негізінде жиырма бес жұмыс күні ішінде, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін жеті жұмыс күні ішінде өтініш берушінің қоршаған ортаны қорғау,

санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік және өртке қарсы қауіпсіздік саласындағы қойылатын талаптарға сәйкестігін белгілейді және тиісті лицензиарға өтініш берушінің қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы қ о р ы т ы н д ы н ы ж і б е р е д і . » ;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери-техниканы, арнайы құралдарды жою (күрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік т а л а п т а р ы н д а :

1 - т а р м а қ т а :

3) тармақшада «мыналарды қамтитын» деген сөздерден кейін «қауіпсіздік жүйелерімен жарақтандыру және инженерлік-техникалық нығайту жөніндегі техникалық талаптарға жауап беретін» деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақша алынып тасталсын;

10) тармақшадағы «активтер.» деген сөз «активтер;» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 11), 12) тармақшалармен толықтырылсын:

«11) өрт қауіпсіздігіне және күзет шараларын ұйымдастыруға жауап беретін л а у а з ы м д ы т ұ л ғ а н ы ң б о л у ы ;

12) қорғаныс, өртке қарсы және өнеркәсіптік қауіпсіздік, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы тиісті уәкілетті органдар бекіткен Кәдеге жарату объектілерінде күзет және өрт қауіпсіздігі жөніндегі, сондай-ақ оқ-дәрілерді кәдеге жарату үдерісін регламенттейтін нұсқаулық талаптарының орындалуын қамтамасыз ету туралы өтініш беруші басшысының жазбаша растамасы (лицензиар белгілеген нысан б о й ы н ш а) . » ;

2 - т а р м а қ т а :

3) тармақшада «мыналарды қамтитын» деген сөздерден кейін «қауіпсіздік жүйелерімен жарақтандыру және инженерлік-техникалық нығайту жөніндегі техникалық талаптарға жауап беретін» деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақша алынып тасталсын;

11) тармақшадағы «активтер.» деген сөз «активтер;» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) өрт қауіпсіздігіне және күзет шараларын ұйымдастыруға жауап беретін л а у а з ы м д ы қ т ұ л ғ а н ы ң б о л у ы . » .

2. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасының

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК